**"Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне ипотекалық кредиттеу мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 29 желтоқсан N 1417

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне ипотекалық кредиттеу мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Жоба

## "Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне ипотекалық кредиттеу мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне толықтырулар енгізілсін:

1. 1994 жылғы 27 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) ( Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 23-24 (қосымша); 1995 ж., N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 187-құжат; N 14, 274, 277-құжаттар; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 5, 55-құжат; N 12, 183, 184-құжаттар; N 13-14, 195-құжат; 205-құжат; 1998 ж., N 2-3, 23-құжат; N 5-6, 50-құжат; N 11-12, 178-құжат; N 17-18, 224, 225-құжаттар; N 23, 429-құжат; 1999 ж., N 20, 727, 731-құжаттар; N 23, 916-құжат; 2000 ж., N 18, 336-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат; N 8, 52-құжат; N 17-18, 240-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 2, 17-құжат; N 10, 102-құжат):

1) 51-баптың бірінші бөлігінің 3) тармақшасы "үшінші кезекте" деген сөздерден кейін "тарату массасына енгізілмейтін және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кредиторлармен есеп айырысу үшін жіберілетін кепілді қамтамасыз ету ипотекалық облигациялар иелерінің - кредиторлардың талаптарын қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

2) 308-баптың екінші бөлігінің екінші абзацы ", банктік заем шарты тараптары шарт бойынша сыйақы мөлшерін немесе есептеу тәртібін, сондай-ақ осыған байланысты іс-әрекеттерді өзгерту және өтеу мерзімін өзгертуді қоса алғанда, төлем кестесін өзгерту мүмкіндігі көзделген жағдайларды қоспағанда" деген сөздермен

толықтырылсын;

3) 347-бап "басқа жағдайда" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ егер осы кодексте немесе тараптардың шартында өзгеше көзделмесе," деген сөздермен толықтырылсын.

2. 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне ( Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 16-17, 642-құжат; N 23, 929-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 10, 244-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 23, 309-құжат; N 24, 338-құжат; N 10, 102-құжат):

718-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар және микрокредиттік ұйымдар ғана сыйақыны ақшалай нысанда төлеу шартымен заем беруді жүзеге асыра алады.".

*Қазақстан Республикасының Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК